

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі "Алға ауданының мүгедектері үшін 2010 жылға жұмыс орындарында квота бекіту туралы" № 122 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 500 қаулысы. Ақтөбе облысы Алға ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 қарашада № 3-3-114 тіркелді. Қабылдау мерзімі аяқталуына байланысты қолдану тоқтатылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 02-1/08 хатымен

Ескерту. Қабылдау мерзімі аяқталуына байланысты қолдану тоқтатылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімінің 2011.01.06 № 02-1/08 хатымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілері туралы» Заңының 28 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 272 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы негізінде Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алға ауданының мүгедектері үшін 2010 жылға жұмыс орындарына квота бекіту туралы» 2010 жылдың 26 сәуіріндегі № 122 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 12 мамырында № 3-3-108 болып тіркелген, 2010 жылдың 18 мамырындағы «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 26 санында жарияланған) төмендегідей толықтыру е н г і з і л с і н :

1-тармағындағы «мүгедектер үшін» деген сөздерден кейін «жазасын өтеп келгендер және жасы кәмелетке толмаған интернат мекемелерінің түлектері» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. А қ қ а ғ а з о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Алға ауданының әкімі

Қ.Сәрсенғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК